преобразования Фурье, интегральные преобразования и специальные функции. Актуальность исследования связана с применением метода функций Грина к квантовым явлениям. Такой подход является одним из наиболее эффективных способов решения уравнений в частных производных, описывающих различные физические процессы. Переход от дифференциального уравнения к эквивалентному интегральному, учитывающему функцию Грина, включает переход к импульсному представлению и применение преобразований Фурье с использованием комплексных переменных. В нулевом и первом приближениях получаются интегральные выражения, а конкретные решения зависят от выполнения интегрирования по соответствующим пределам, определяемым физической природой явления. Рассматриваемые макроскопические системы соответствуют гейзенберговскому представлению, в котором волновые функции постоянны, а операторы, соответствующие физическим величинам, зависят от времени.

Ключевые слова: ферми-жидкость, преобразование Фурье, импульсное представление, макроскопическая система, функция Грина, квантовая система

Кіріспе. 1938 жылы П. Капица мен Д. Аллен ашқан кванттық сұйықтар–кванттық эффекттерге (мысалы, энергияның квантталуына, бөлшектердің корпускула–толқындық екіжақтылығына және кванттық статистикалық үлестірімдерге) негізделген макроскопиялық жүйе. Кванттық механикада жекелеген бөлшектердің жай–күйін, олардың өзара әсерлесулерін сипаттауға мүмкүндік бар, ал кванттық сұйықтағы саны көп бөлшектерді жеке–дара алып қарастыру мүмкін емес. Олардың ұжымдастығына негізделген процестер кезінде ғана кванттық қасиеттер байқалады. Төменгі температуралардағы фермиондардан құрылған асқынаққыш гелий–4 пен ферми–сұйық гидродинамиканың негізгі зерттеу нысаны болып табылады және бұлардың табиғаты кванттық сұйық талаптарын толығымен қанағаттандырады. Бұл орталарда негізінен кванттық макроскопиялық құбылыстар өтеді (Матухин и др. 2018:55). Металдар мен жартылай өткізгіштердегі электрондар, диэлектриктердегі экситондар және атом ядросындағы нуклондар кванттық сұйық қатарына қосыла алады.

1830 жылы британдық математик Джордж Грин электростатика мен жылу өткізгіштікке қатысты біртекті шекті есептерді шешу барысында өзінің атымен аталатын функцияларды енгізіп, олардың теориялық құрылымының негізін жасап шыққан болатын. Математикалық физикадағы негізгі математикалық ұғым немесе құралы болып табылатын осы функциялар ХХ ғасыр бойы жетіле (дами) отырып электродинамикадағы, өрістің кванттық теориясындағы, шашыраулар теориясындағы шекаралық шарттары бар сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулерді шешуді анағұрлым жеңілдетіп берді. Нақтылай айтсақ, өрістердің кванттық теориясында Грин функциялары кеңістік–уақыттың бір нүктесінен басқа бір нүктесіне өту ықтималдылығын сипаттаса, шашыраулар теориясында бұлар бөлшектердің әртүрлі нысандардан шашырауын сипаттап беруге қауқарлы болды. Сонымен бірге, ауытқулар теориясында да Грин функциялары әртүрлі

кванттық процестерге арналған Фейнмандық диаграммаларды тұрғызуға септігін тигізді.

Кванттық сұйыққа арналған Грин функциясы көп денелі жүйелердің қасиеттерін сипаттауға арналған математикалық құрыл (аппарат, инструмент) есебінде қолданылатыны айтылды. Ол сыртқы әсерлердің жүйеге жасайтын ықпалын, жүйенің осы ықпалға қатысты іс-әрекетін және жүйенің термодинамикалық және динамикалық қасиеттерін бағалауға мүмкіндік береді, яғни ол жүйенің тепе-теңділік пен тепе-теңсіздік күйлердегі жағдайларынан хабардар етуге қауқарлы. Сонымен бірге, Грин функцияларын тығыздықты, корреляциялық функцияларды, квазибөлшектер спектрін және т.б. маңызды шамаларды есептеуге жемісті түрде қолданылып келеді. Ферми-сұйықтың температурасына қатысты есептер жылулық эффекттерді ескеретін температуралық Грин функциялары арқылы шешіледі (Малышев, 2022:435). Ал, жеке дара бөлшектің басқа бөлшектер арасындағы қозғалысына қатысты мәселер бір бөлшектік Грин функциялары бойынша шешілсе, екі бөлшектік Грин функциялары екі бөлшек арасындағы корреляцияны анықтап бере алады.

Ұсынылып отырған мақалада жоғарыда келтірілген теориялық мәселелердің бірқатарына есептеулер жүргізіліп, олар жүйеленіп, ықшамды түрлерде көрсетілетін болады. Атап айтқанда, макроскопиялық жүйелер мен идеал ферми-сұйықтың Грин функциялары, екі бөлшектік және шекті температуралық Грин функциялары, Дирак, Шредингер теңдеулеріне арналған Грин функциялары қарастырылатын болады. Алынған нәтижелер салыстырмалы бағаланатын болады.

Зерттеу материалдары. Төменгі температуралардағы сұйық гелийді кванттық сұйық ретінде қарастыра отырып оны Грин функциялары арқылы зерттеу кезіндегі материал ретінде әсерлесуші кванттық жүйелердің термодинамикасы мен динамикасын сипаттаудағы теориялық принциптер мен олардың қолданылу жағдайларын алуға болады. Мұндай көзқарас арқылы бір бөлшекті және көп бөлшекті корреляциялық функцияларды есептеуге, термодинамикалық шамалардың спектрлерін, микроскоптық әсерлесулердің макроқасиеттермен байланыстырын анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі материалдарға қасиеттері кванттық эффекттерге негізделген кванттық сұйықтар жатады. Сонымен бірге, зерттеу материалдары кезінде мына мәселелердің қамтылуы қажетті: көп бөлшекті кванттық жүйелер, кванттық сұйықтар ұғымы, нейтралды ферми-сұйық және оның тепе-теңділік қасиеттері және ферми-сұйықтың квазибөлшектеріне арналған кинетикалық теңдеулер.

Зерттеу әдістері. Грин функцияларына негізделген әдіс бойынша кванттық сұйықты зерттеу кезінде сұйық бөлшектерінің өзара әсерлесулерін ескеруге мүмкіндік туындайды (b Kalmenov et. al., 2008:180; Балагуров и др, 2019:475). Бұл әдіс нақтылы бір оператор мен шекаралық шарттарға сәйкес келетін Грин функциясын анықтап, осы функцияның көмегімен сұйықты сипаттайтын теңдеудің шешімін интеграл түрінде жазуға жағдай жасайды. Кванттық механика мен статистикалық механика заңдылықтарына жүгінетін кванттық

макрофизиканың осы тектес есептерін шығару барысында математикалық физикадағы Фурье әдісі, интегралдық түрлендірулер әдісі мен арнайы функциялар, математикалық талдаудың әдістері қолданылады. Осылармен бірге, мына тізімдегі математикалық физиканың математикалық аппараттары қолданылады: дербес туындылы дифференциалдық тендеулер, математикалық интегралдық тендеулер, функцияналдық талдау және ықтималдылықтар теориясы. Физикалық жүйенің стационар күйлерін табуға жағдай жасайтын вариациялық есептеулер де зерттеу барысында маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер. Кванттық макрофизика теориялық физиканың дербес бір бөлімі ретінде қалыптасып, қатты және сұйық фазалардағы құбылыстарды бөлшектердің ансамблі негізінде кванттық механика, статистикалық механика және электродинамика заңдылықтары бойынша зерттей алады. Олардың табиғатын белгілі бір математикалық модельдер арқылы зерттей алады. Мысалы, металдардың қасиеттерін тереңірек зерттеу үшін ондағы электрондарды ферми–сұйық деп алу қажеттілігі туындайды. Электрондық сұйықтың теориясын жасауға кристалдық тор көп қиындық келтіретін болғандықтан, алдымен біртекті және изотроптық жағдайларға арналған заңдылықтарды бекітіп алу керек болды. Дәл осылайша металдардың асқын өткізгіштігін электрондық сұйықтың асқын аққыштығына арналған қарапайым изотроптық модель арқылы түсіндіруге болады.

Сұйықтағы атомдардың жылулық қозғалыстарына жауапты де бройльдік толқын ұзындық атомдар аралық өлшемдермен бірдей болатын төменгі температураларда (1–2 К) сұйықтағы макроскопиялық құбылыстар кванттық заңдылықтарға бағынатын болады. Классикалық көзқарастар бойынша абсолют ноль температурада барлық заттар қатты күйге айналып кетулері тиіс болатын. Алайда, гелийдің сұйық He^3 және He^4 изотоптары атомдарының өзара әлсіз әсерлесулері салдарынан абсолют ноль температура маңайында кванттық құбылыстар байқалатын сұйық күйде қала береді. Осы жағдайдан соң олар үшін қатты күй аса маңызды емес.

Жарты спинді бөлшектерден тұратын макроскопиялық жүйені толқындық функциялары тұрақты, ал физикалық шамаларға сәйкес қойылатын f операторлары уақытқа тәуелді болатын гейзенберттік ұстанымда қарастырар болсақ, онда (a Kalmenov et. al., 2008:426; Mamchuev 2023:38)

$$f_a(t, \vec{r}) = f_a(\vec{r}) \exp(iHt) \exp(-iHt)$$

$$f_a^*(t, \vec{r}) = f_a^*(\vec{r}) \exp(iHt) \exp(-iHt)$$

Жүйенің бір бөлшектік Грин функциясы үшін төмендегі өрнекті жазуға болады:

$$G_{ab}(Z_1, Z_2) = -i \overline{N f_a(Z_1) f_b^*(Z_2)}$$

Мұнда (1)–гі t, \vec{r} айнымалылары t_1, \vec{r}_1 және t_2, \vec{r}_2 болып өзгеріп, олар сәйкесінше Z_1, Z_2 арқылы белгіленді; N – хронологиялық көбейту символы; төбелік жалпы сызық жүйенің негізгі күйі бойынша орташалау дегенді білдіріп тұр. Грин функциясының сыртқы өріс болмаған кездегі спиндік тәуелділігі екінші ранктегі δ_{ab} спинор арқылы мына түрде анықталады:

$$G_{ab}(Z_1, Z_2) = \delta_{ab} G(Z_1, Z_2)$$

Жүйедегі бөлшектер тығыздығының координаталық матрицасы

$$\rho_{ab}(\vec{r}_1, \vec{r}_2) = n^{-1} \overline{f_b^*(t, \vec{r}_2) f_a(t, \vec{r}_1)} \quad (1)$$

Бұл өрнек арқылы жеке бөлшекке қатысты кез–келген физикалық шаманың орташа мәнін анықтауға болады. (4)–ті Грин функциясы арқылы да жазайық:

$$\rho_{ab}(\vec{r}_1, \vec{r}_2) = in^{-1} G_{ab}(t_1, \vec{r}_1; t_1 \rightarrow 0, \vec{r}_2)$$

Осы функцияның Фурье–жіктелуі бөлшектердің импульстер бойынша үлестірімін анықтауға мүмкіндік береді (Andreev et. al., 2019:1046; Кукушкин и др, 2015:774):

$$\begin{aligned} n(\vec{p}) &= n \int \rho(\vec{r}_1, \vec{r}_2) \exp\{-i\vec{p}(\vec{r}_1 - \vec{r}_2)\} d^3(x_2 - x_1) = \\ &= -i \int G(t, \vec{r}) \exp\{-i\vec{p}\vec{r}\} d^3x \end{aligned} \quad (2)$$

Бұл өрнек импульс мәндері $\frac{d^3 p}{(2\pi)^3}$ аралығында болатын шынайы (квази емес)

бөлшектердің концентрациясы екенін байқау қиын емес. (2)–ні квазибөлшектердің үлестірім функциясымен шатастырып алмау қажет. Егер де біз (2)–гі импульстік бейнедегі Грин функциясының

$$G(t, \vec{r}) = \int G(\omega, \vec{p}) \exp\{i(\vec{p}\vec{r} - \omega t)\} \frac{d\omega d^3 p}{(2\pi)^4}$$

түрде жазылған үлгісін қолданар болсақ, (2)–өрнектің жазылуы төмендегіше болады:

$$n(\vec{p}) = -i \lim_{t \rightarrow 0} \int_{-\infty}^{\infty} G(\omega, \vec{p}) \exp\{-i\omega t\} \frac{d\omega}{2\pi}$$

мұндағы ω –комплексті айнымалы; ал

$$G(\omega, \vec{p}) = \int G(t, \vec{r}) \exp\{-i(\vec{p}\vec{r} - \omega t)\} dt d^3x \quad (3)$$

$G(t, \vec{r})$ функциясының үзілістілік қасиетін ескере отырып (3)–өрнектегі dt бойынша орындалатын интегралдауды шектері $-\infty$ тен 0 -ге дейін және 0 -ден ∞ дейін болатын екі итегралға бөліп, матрицаларды көбейту ережесін қолданатын болсақ, нәтижеде a сортты бөлшектің m күйлеріне арналған мына теңдікті аламыз (Коган, 2004:102; Дикарева, 2015:65):

$$G(t, \vec{r}) = -\frac{i}{2} \sum_m \overline{|f_a(Z_1)| m \cdot m | f_a^*(Z_2)|}$$

Бұл жерде қосындылау амалы жүйедегі барлық кванттық күйлер бойынша жүргізіледі.

Еркін бөлшектер жүйесіне арналған гейзенбергтік f оператор төмендегі теңдеуді қанағаттандырады:

$$i \frac{\partial f_a}{\partial t} = -\frac{1}{2m} \Delta f_a - \mu f_a$$

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар мен қатынастарды ескеретін болсақ, онда бұл теңдеудің Грин функциясы арқылы жазылған түріне қол жеткізе аламыз:

$$\left(i \frac{\partial}{\partial t} = -\frac{\Delta}{2m} + \mu \right) G(t, \vec{r}) = \delta(t) \delta(\vec{r})$$

Мұндағы μ –сұйықтың химиялық потенциялы. Осы теңдеуді Фурье бойынша түрлендірсек, онда

$$\left(\omega - \frac{\vec{p}^2}{2m} + \mu \right) G_0(\omega, \vec{p}) = 1$$

Бұл өрнектегі G_0 –бөлшектер арасында әсерлесулер болмаған жағдайға сәйкес келетін Грин функциясы (Деминов и др, 2018:70; Ирхин, 2011:459):

$$G_0(\omega, \vec{p}) = [\omega - \frac{\vec{p}^2}{2m_0} + \mu + i\text{sign}\omega]^{-1}$$

Негізгі N күй бойынша төрт гейзенбергтік f операторлардың төмендегі көбейтіндісін *екі бөлшектік Грин функциясы* деп атайды:

$$Q_{34,12} = \overline{Nf_3 f_4 f_1^* f_2^*} \quad (4)$$

Бұл функцияны біртекті жүйе үшін импульстік бейнеде (көріністе) қарастырған ыңғайлы, яғни ол үш ғана аргументтер айырмасына тәуелді болады:

$$Z_3 - Z_2, Z_4 - Z_2, Z_1 - Z_2$$

Себебі, барлық Z_1, Z_2, Z_3, Z_4 айнымалылар бойынша жүргізілетін Фурье жіктеулерінің компонентіне (кұрушысына) δ -функция кіретін болады:

$$\int Q_{34,12} \exp\{i(p_3 Z_3 + p_4 Z_4 - p_1 Z_1 - p_2 Z_2)\} d^4 Z_1 d^4 Z_2 d^4 Z_3 d^4 Z_4 = \\ = (2\pi)^4 \delta^{(4)}(p_3 + p_4 - p_1 - p_2) Q_{\delta,ab}(p_3, p_4, p_1, p_2)$$

Грин функциясының аргументтері үшін $p_1 + p_2 = p_3 + p_4$ тендігі орындалады. Нольдік жуықтаудағы бұл функция бір бөлшекті Грин функцияларының айырымы арқылы төмендегідей түрде жазылады:

$$Q_{\delta,ab}^0(p_3, p_4, p_1, p_2) = (2\pi)^4 [\delta^{(4)}(p_1 - p_3) G_a^0(p_1) G_b^0(p_2) - \delta^{(4)}(p_1 - p_4) G_b^0(p_2) G_a^0(p_1)]$$

Келесі жуықтауларда Грин функциясына енбей қалған қосымша мүшелер пайда болады:

$$Q_{A_3 A_4, A_1 A_2}^0 = (2\pi)^4 [\delta^{(4)}(p_1 - p_3) G_{A_3 A_4}^0(p_1) G_{A_1 A_2}^0(p_2) - \delta^{(4)}(p_1 - p_4) G_{A_3 A_2}^0(p_2) G_{A_4 A_1}^0(p_1)] + \\ + G_{A_3 B_3}(p_3) G_{A_4 B_4}(p_4) iR_{B_3 B_4, B_1 B_2}(p_3, p_4, p_1, p_2) G_{B_1 A_1}(p_1) G_{B_2 A_2}(p_2)$$

Бұл жерде жүйедегі бөлшектердің ab компоненттері AB белгілеулеріне ауыстырылды. Соңғы жазылған өрнектегі R -шыңдық функция деп аталады және оның импульстік бейнедегі жазылу түрі төмендегідей:

$$R_{\delta a,ab}(p_3, p_4, p_1, p_2) = -R_{\delta b,ab}(p_4, p_3, p_1, p_2) = -R_{\delta b,ba}(p_3, p_4, p_2, p_1)$$

Макроскопиялық жүйенің нөлдік емес температурадағы Грин функциясын табу үшін тұйық жүйенің негізгі күйі бойынша орташалаудан Гибс үлестірімі бойынша орташалауға ($\langle \rangle$) ауысу керек. Шекті температуралардағы Грин функциясының аналитикалық қасиеттерін қарастыруда *кідірісті және ілгерілегіш Грин функцияларын* қолданған маңызды. Кідірісті Грин функциясының жазылу түрі төмендегідей:

$$iG_{ab}^{\alpha}(Z_1, Z_2) = \langle f_a(Z_1) f_b^*(Z_2) + f_b^*(Z_2) f_a(Z_1) \rangle$$

Сыртқы өріс жоқ кезде бұл функция тек $Z = Z_1 - Z_2$ айырмасына ғана тәуелді болатын төмендегі скаляр функцияға айналады:

$$G_{ab}^{\alpha}(Z_1, Z_2) = \delta_{ab} \frac{1}{2} G_{aa}^{\alpha}$$

$t < 0$ шартында $G^{\alpha}(t, \vec{r}) = 0$ болғандықтан жоғарыда келтірілген функцияның импульстік бейнесі

$$G^{\alpha}(\omega, \vec{p}) = \int \int_0^{\infty} \exp i(\omega t - \vec{p}\vec{r}) G^{\alpha}(t, \vec{r}) dt d^3z$$

Ілгерілегіш G^{β} Грин функциясын дәл осындай жолдармен шығарып алуға болады. Температураны сипаттағыш Грин функциясы

$$G(\omega, \vec{p}) = -\frac{(2\pi)^3}{2} \sum_{n,m} \omega_n A_{mn} \delta(\vec{p} - \vec{k}_{nm}) \left\{ \frac{1}{\omega_{nm} - \omega} \left(1 + e^{-\frac{\omega_{nm}}{T}} \right) \right\}$$

Стандартты модельдегі процестерді есептеу үшін математикалық физика тәсілдері мен арнайы функциялар теориясын қолдану қажеттілігі туындайды. Өйткені, скаляр, векторлық және спиндік бөлшектерге арналған теңдеулер әртүрлі ретті дифференциалдық теңдеулер болып табылады. Осы айтылған жағдайға мысал ретінде электромагниттік өрістегі электронға арналған төменде келтірілетін Дирак теңдеуін Грин функциясы тәсілімен шешуді қарастырамыз:

$$(i\sigma^{\alpha} \partial_{\alpha} - m)\varphi(x) = -e\sigma^{\alpha} E_{\alpha}(x)\varphi(x) \quad (5)$$

мұндағы $\sigma^{\alpha} = \{\sigma^0, \sigma^1, \sigma^2, \sigma^3\}$ – Дирак матрицалары; e – электронның заряды. (5) – теңдеуді шешу үшін төмендегі қосымша есепті шешіп алу керек болады:

$$(i\sigma^\alpha \partial_\alpha - m)G(x, x^0) = \delta^{(4)}(x - x^0)$$

Сонда, (5)–тің шешімі (Defenu et al., 2024:52; Nussinov, 2020):

$$\varphi(x) = -e \int G(x, x^0) \sigma^\alpha E_\alpha(x^0) \varphi(x^0) dx^0$$

Осындағы Грин функциясының импульстік бейнесі:

$$G(x, x^0) = \frac{1}{(2\pi)^4} \int S(p) \exp\{-ip(x - x^0)\} d^4 p \quad (6)$$

Мұндағы $S(p)$ – Фурье бейнедегі Грин функциясы. Дирактың дельта-функциясының

$$\delta^{(4)}(x - x^0) = \frac{1}{(2\pi)^4} \int \exp\{-ip(x - x^0)\} d^4 p$$

өрнегін, $\sigma^\alpha p_\alpha = \not{p}$ белгілеуімен Дирак матрицаларының $\sigma^\alpha \sigma^\beta + \sigma^\beta \sigma^\alpha = 2\theta^{\alpha\beta}$ орын ауыстырымдылық қасиетін қолдансақ, онда Фурье бейнедегі Грин функциясы мен Дирак теңдеуіне сәйкес келетін Грин функциясының өрнектері мынадай болады:

$$S(p) = \frac{\not{p} + m}{p^2 - m^2}$$

$$G(x, x^0) = \frac{1}{(2\pi)^4} \int \frac{\not{p} + m}{p^2 - m^2 + i\varepsilon} \exp\{-ip(x - x^0)\} d^4 p$$

Талқылау. Кванттық жүйелердегі сыртқы өрістегі бөлшек Шредингер теңдеуімен сипатталатыны белгілі:

$$(\hat{H} - E)\psi(\vec{r}) = -\hat{F}\psi(\vec{r}) \quad (7)$$

мұндағы \hat{F} – әсерлесуге жауапты оператор, \hat{H} – гамильтониан,

$$\psi(\vec{r}) = \exp(i\vec{k}\vec{r}) \quad (8)$$

(7)–тендеуді Грин функциясы тәсілімен шешу үшін осы дифференциалдық теңдеуден эквивалентті интегралдық теңдеуге ауысу қажет ((8)–түрдегі толқындық функцияға Грин функциясы енетін интегралдық мүше қосылатын болады) (Beekman et al., 2017:82):

$$\psi(\vec{r}) = \exp(i\vec{k}\vec{r}) + \int G(E, \vec{r}, \vec{r}') F(\vec{r}') \psi(\vec{r}') d\vec{r}'$$

Мұндағы $G(E, \vec{r}, \vec{r}')$ – гамильтон операторына сәйкес келетін және Дирактың дельта–функциясы $(\delta(\vec{r} - \vec{r}'))$ бар төмендегі $(E - \hat{H})G(E, \vec{r}, \vec{r}') = \delta(\vec{r} - \vec{r}')$ теңдеуін қанағаттандыратын Грин функциясы. Оның спектрлік көрінісі

$$G(E, \vec{r}, \vec{r}') = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{\psi_n(\vec{r}) \psi_n^*(\vec{r}')}{E_0 - E_n}$$

Үзіліссіз спектр жағдайында

$$G(E, \vec{r}, \vec{r}') = \int \frac{\psi_n(\vec{r}) \psi_n^*(\vec{r}')}{E_0 - E_n} \frac{d\vec{k}}{(2\pi)^3}$$

Көріп отырғанымыздай, эквивалентті интегралдық теңдеулерге кіретін Гриндік функциялардың импульстік, спектральдық бейнелерде және Фурье түрлендірулері бойынша жазылуы қойылған есептердегі процестердің кеңістіктік фазадағы анықталу аймақтарын дәл бағалап отыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан комплексті айнымалы функциялар теориясымен ұштаса отырып процестің өту тездігін бағалауды оңтайландырады. Алынған нәтижелерді шашырау теориясына құрылған есептерді шешуде және спиндік бөлшектердің кванттық-өрістік амплитудаларын есептеп шығаруда қолдануға болады.

Қорытынды. Мақаланың тақырыбында қамтылған идеяларға сәйкес макроскопиялық жүйелер мен идеал ферми–сұйықтың Грин функциялары, екі бөлшектік және шекті температуралық Грин функциялары, Дирак теңдеуінің Грин функциясы қарастырылды. Тақырыптың өзектілігі кванттық құбылыстарға Грин функцияларын қолдану тәсілімен байланысты екендігін айтып өту қажет. Себебі, бұл тәсіл түрлі процестерге сәйкес келетін дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешудің ең бір қолайлы тәсілдерінің біріне саналады, яғни құбылысқа берілген тікелей теңдеуді шешу барысында операторлық көріністегі Грин функциясы қатысатын қосымша қарапайым дербес туындылы теңдеу шешіледі. Әрі қарай импульстік көрініске ауыса отырып комплекстік айнымалылар арқылы Фурье түрлендірулері жасалады. Нөлдік және бірінші жуықтау шарттары бойынша интегралдық өрнектерге қол жеткізіліп, құбылыстың ерекшеліктеріне қарай интеграл шектері бойынша нақты шешімдер алынатын болады. Мұндай модельде математикалық физиканың басқа да тәсілдері мен

арнайы функцияларының алатын орны ерекше екендігі ауқымды есептеулерді жүргізген кезде айқын байқалады. Мақала мазмұнында келтірілген нәтижелердің математикалық есептеулері ықшамды түрде ғана ұсынылып отырды. Басты бағыт-макроскопиялық жүйелердегі кванттық эффекттерге сәйкес келетін теңдеулерді шешуде Грин функцияларын қолданудың ерекшеліктерін көрсету болды.

Әдебиеттер

a) Kalmenov T.Sh., Koshanov B.D. Representation for the Green's function of the Dirichlet problem for the polyharmonic equations in a ball. *Siberian Mathematical Journal*. — 2008. — Т. 49, № 3. — С. 423—428. — DOI: <http://dx.doi.org/10.1007/s11202-008-0042-8>

Andreev A. F., Zakharov V. E., Kolokolov I. V., Lebedev V.V., Mineev V.P., Novikov S.P., Pitaevskii L.P., Pokrovskii V.L., Starobinskii A.A., Feigel'man M.V., Fomin I.A., Eliashberg G.M. Isaak Markovich Khalatnikov (on his 100th birthday). *Успехи физических наук (Phys. Usp.)*. — 2019. — Т. 62. — С. 1046—1047. — DOI: 10.3367/UFNe.2019.08.038651

b) Kalmenov T.Sh., Koshanov B.D., Nemchenko M.Y. Green function representation for the Dirichlet problem of the polyharmonic equation in a sphere. *Complex Variables and Elliptic Equations*. — 2008. — Т. 53, № 2. — С. 177—183. — DOI: <http://dx.doi.org/10.1080/17476930701671726>

Beekman A.J., Nissinen J., Wu K., Liu K., Slager R.-J., Nussinov Z., Cvetković V., Zaanen J. Dual gauge field theory of quantum liquid crystals in two dimensions. *Physics Reports*. — 2017. — Т. 683. — С. 1—110. — DOI: <https://doi.org/10.1016/j.physrep.2017.03.004>

Defenu N., Leroze A., Pappalardi S. Out-of-equilibrium dynamics of quantum many-body systems with long-range interactions. *Physics Reports*. — 2024. — Т. 1074. — С. 1—92. — DOI: <https://doi.org/10.1016/j.physrep.2024.04.005>

Mamchuev M.O. Green's function of the problem with local displacement for the fractional telegraph equation. *Adyge international scientific journal*. — 2023. — Т. 23, № 4. — С. 34—42. — DOI: <http://dx.doi.org/10.47928/1726-9946-2023-23-4-34-42>

Nussinov Z. Macroscopic length correlations in non-equilibrium systems and their possible realizations. *Nuclear Physics B*. — 2020. — Т. 953. — 114 948. — DOI: <https://doi.org/10.1016/j.nuclphysb.2020.114948>

Балагуров Б.Я. Функция Грина уравнения Шредингера в методе квантования потенциала. *ЖЭТФ*. — 2019. — Т. 155, № 3. — С. 472—480. — DOI: 10.1134/S004445101903009X

Деминов Р.Г., Кочелаев Б.И., Тагиров Л.Р. Методы квантовой теории поля в физике конденсированного состояния: конспект лекций. — Казань: Казан. ун-т, 2018. — 92 с.

Дикарева Е. В. Метод функций Грина в математических моделях для двухточечных краевых задач. *Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий*. — 2015. — № 3. — С. 62—67. — DOI: <https://doi.org/10.20914/2310-1202-2015-3-62-67>

Ирхин В.Ю. Метод двухвременных функций Грина в теории магнетизма металлов с сильными корреляциями. *Теоретическая и математическая физика*. — 2011. — Т. 168, № 3. — С. 453—466. — DOI: <https://doi.org/10.4213/tmf6693>

Коган Вадим Романович. Метод квазиклассической функции Грина в мезоскопической физике: дис. ... канд. физ.-мат. наук: 01.04.02. — Москва, 2004. — 159 с.

Кукушкин И. В., Шмульц С. Ферми-жидкостные эффекты и перенормировка массы квазичастиц в системе двумерных электронов с сильным взаимодействием. *Письма в Журнал экспериментальной и теоретической физики*. — 2015. — Т. 101, № 10. — С. 770—776. — DOI: <https://doi.org/10.7868/S0370274X15100082>

Малышев К.Ю. Представление функций Грина волнового уравнения на отрезке в конечном виде. *Известия Саратовского университета*. — 2022. — Т. 22, № 4. — С. 430—446. — DOI: <https://doi.org/10.18500/1816-9791-2022-22>

Матухин В.Л., Шмидт Е.В. Основы статистической физики. — Казань: Казан. гос. ун-т, 2018. — 84 с.

References

Andreev A.F., Zakharov V.E., Kolokolov I.V., Lebedev V.V., Mineev V.P., Novikov S.P., Pitaevskii L.P., Pokrovskii V.L., Starobinskii A.A., Feigel'man M.V., Fomin I.A., Eliashberg G.M. (2019) Isaak Markovich Khalatnikov (on his 100th birthday). *Physics — Uspekhi*, 62. — P. 1046—1047. <https://doi.org/10.3367/UFNe.2019.08.038651>

Balagurov B. Ya. (2019) Funktsiya Grina uravneniya Shredingera v metode kvantovaniya potentsiala [Green's function of the Schrödinger equation in the method of potential quantization]. *Journal of Experimental and Theoretical Physics (JETP)*, 155(3). — P. 472—480. <https://doi.org/10.1134/S004445101903009X> (in Russian)

Beekman A.J., Nissinen J., Wu K., Liu K., Slager R.-J., Nussinov Z., Cvetković V., Zaanen J. (2017) Dual gauge field theory of quantum liquid crystals in two dimensions. *Physics Reports*, 683. — P. 1—110. <https://doi.org/10.1016/j.physrep.2017.03.004>

Defenu N., Lerose A., Pappalardi S. (2024) Out-of-equilibrium dynamics of quantum many-body systems with long-range interactions. *Physics Reports*, 1074. — P. 1—92. <https://doi.org/10.1016/j.physrep.2024.04.005>

Deminov R.G., Kochelaev B.I., Tagirov L.R. (2018) *Metody kvantovoy teorii polya v fizike kondensirovannogo sostoyaniya: konspekt lektsiy* [Methods of quantum field theory in condensed matter physics: lecture notes]. Kazan: Kazan University. 92 p. (in Russian)

Dikareva E.V. (2015) Metod funktsii Grina v matematicheskikh modelyakh dlya dvukhtocheknykh kraevykh zadach [Method of Green's functions in mathematical models for two-point boundary value problems]. *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta inzhenernykh tekhnologii* (Bulletin of Voronezh State University of Engineering Technologies), (3). — P. 62—67. <https://doi.org/10.20914/2310-1202-2015-3-62-67> (in Russian)

Irkhin V.Yu. (2011) Metod dvukhvremennykh funktsiy Grina v teorii magnetizma metallov s sil'nymi korrelyatsiyami [The method of two-time Green's functions in the theory of magnetism of strongly correlated metals]. *Theoretical and Mathematical Physics*, 168(3). — P. 453—466. <https://doi.org/10.4213/tmf6693> (in Russian)

Kalmenov T. Sh., Koshanov B. D., Nemchenko M.Y. (2008) Green function representation for the Dirichlet problem of the polyharmonic equation in a sphere. *Complex Variables and Elliptic Equations*, 53(2). — P. 177—183. <https://doi.org/10.1080/17476930701671726>

Kalmenov T.Sh., Koshanov B.D. (2008) Representation for the Green's function of the Dirichlet problem for the polyharmonic equations in a ball. *Siberian Mathematical Journal*, 49(3). — P. 423—428. <https://doi.org/10.1007/s11202-008-0042-8>

Kogan V.R. (2004) *Metod kvaziklassicheskoy funktsii Grina v mezoskopicheskoy fizike* [The method of quasiclassical Green's function in mesoscopic physics]. Cand. Phys.-Math. Sci. Diss., 01.04.02. Moscow. — P. 159. (in Russian)

Kukushkin I.V., Schmult S. (2015) Fermi-liquid effects and quasiparticle mass renormalization in a strongly interacting two-dimensional electron system. *JETP Letters*, 101(10). — P. 770—776. <https://doi.org/10.7868/S0370274X15100082> (in Russian)

Malyshev K.Yu. (2022) Predstavlenie funktsii Grina volnovogo uravneniya na otrezke v konechnom vide [Representation of Green's functions of the wave equation on a segment in closed form]. *Izvestiya of Saratov University*, 22(4). — P. 430—446. <https://doi.org/10.18500/1816-9791-2022-22> (in Russian)

Mamchuev M.O. (2023) Green's function of the problem with local displacement for the fractional telegraph equation. *Adyge International Scientific Journal*, 23(4). — P. 34—42. <https://doi.org/10.47928/1726-9946-2023-23-4-34-42>

Matukhin V. L., Schmidt E.V. (2018) *Osnovy statisticheskoi fiziki* [Fundamentals of Statistical Physics]. Kazan: Kazan. gos. un-t. — P. 84. (in Russian)

Nussinov Z. (2020) Macroscopic length correlations in non-equilibrium systems and their possible realizations. *Nuclear Physics B*, 953, 114948. <https://doi.org/10.1016/j.nuclphysb.2020.114948>

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www.nauka-nanrk.kz
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88¹/₈.
18,0 п.л. Заказ 4.